

FTAMP 10.01.07

<https://doi.org/10.26577/JAPJ202511642>

Д.Ж. Белхожаева¹, А. Жомартқызы¹,
С.Ш. Даубасов^{2*}, А.Р. Бижанова¹

¹Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан

²Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан

*e-mail: sabit_75@mail.ru

ҚҰҚЫҚТЫҚ ПӘНДЕРДІ ОҚЫТУДА ЦИФРЛЫҚ ПЛАТФОРМАЛАР МЕН ОНЛАЙН-КУРСТАРДЫ ҚОЛДАНУ

Осы мақалада құқықтық пәндерді оқыту үдерісінде цифрлық платформалар мен онлайн-курстарды тиімді пайдалану мүмкіндіктеріне ғылыми талдау жүргізіледі. Бұл зерттеуде құқықтық пәндерді оқыту аясында цифрлық оқытудың артықшылықтары мен кемшіліктері сарапталып, сондай-ақ заманауи білім беру үдерісінде онлайн-курстарды тиімді интеграциялаудың мүмкіндіктері талданады. Сонымен қатар, құқықтық пәндерді оқытуда қолданылатын онлайн-курстардың мазмұны мен құрылымы талданып, оқу үдерісін цифрландырудың осы пәндерді меңгеруге тигізетін ықпалы қарастырылады. Жүргізілген талдау нәтижелері цифрлық платформалардың білім берудің қолжетімділігін арттырып қана қоймай, сонымен қатар білім алушылардың цифрлық құзыреттіліктерін дамытуға елеулі ықпал ететінін көрсетті. Онлайн-курстар білім алушыларға құқықтық жағдайларды ыңғайлы форматта оқып үйренуге мүмкіндік береді, ал цифрлық технологиялар оқытуда жеке көзқарасты қамтамасыз етіп, білім алушылардың жеке қажеттіліктеріне бейімделуге ықпал етеді. Сонымен, зерттеу барысында бірқатар мәселелер де анықталды, соның ішінде оқыту әдістемелерін жаңғырту қажеттілігі, оқытушылар мен білім алушылардың цифрлық сауаттылығын арттыру, сондай-ақ білімді бағалаудың тиімді тетіктерін қамтамасыз ету қажеттілігі атап өтілді. Қорыта айтқанда, зерттеуде білім алушылардың оқу нәтижелерін жақсартуға бағытталған жекелеңдірілген әрі икемді білім беру ортасын қалыптастырудағы дәстүрлі және цифрлық оқыту әдістерін ұштастыратын аралас оқыту моделінің маңызы айқындалады. Зерттеу нәтижесінде құқықтық пәндерді оқыту үдерісінде онлайн-курстарды тиімді пайдалану бойынша ғылыми негізделген ұсыныстар әзірленеді.

Түйін сөздер: Білім, жоғары білім, цифрлық білім, құқықтық пәндер, білім беру технологиялары, цифрлық платформалар, онлайн курстар, жаппай ашық онлайн-курстар (ЖАОК).

D. Belkhozhaeva¹, A. Zhomartkyzy¹, S. Daubassov^{2*}, A.R.Bizhanova¹

¹Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan

²Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

*e-mail: sabit_75@mail.ru

Using digital platforms and online courses in teaching legal disciplines

This article provides a scientific analysis of the possibilities for effective use of digital platforms and online courses in the teaching of legal disciplines. The study analyzes the advantages and disadvantages of digital learning within the framework of teaching legal disciplines, and also examines the possibilities for effective integration of online courses into the modern educational process. In addition, the content and structure of online courses used in teaching legal disciplines are analyzed, and the impact of digitalization of the educational process on the study of these subjects is examined. The results of the analysis showed that digital platforms not only increase the accessibility of education but also significantly influence the development of students' digital competencies. Online courses allow students to study legal situations in a convenient format, and digital technologies provide an individual approach to learning, contributing to adaptation to the individual needs of students. Thus, during the study, a number of problems were identified, including the need to modernize teaching methods, improve digital literacy of teachers and students, and ensure effective mechanisms for assessing knowledge. In conclusion, the study defines the importance of a blended learning model that combines traditional and digital teaching methods in creating a flexible educational environment aimed at improving students' learning outcomes. Based on the research results, scientifically substantiated recommendations are developed for the effective use of online courses in the teaching of legal disciplines.

Keywords: education, higher education, digital education, legal disciplines, educational technologies, digital platforms, online courses, massive Open Online Courses (MOOCs).

Д.Ж. Белхожаева¹, А. Жомартқызы¹, С.Ш. Даубасов^{2*}, А.Р. Бижанова¹

¹Казахский национальный педагогический университет им. Абая, Алматы, Казахстан

²Казахский национальный университет им. аль-Фараби, Алматы, Казахстан

*e-mail: sabit_75@mail.ru

Использование цифровых платформ и онлайн-курсов при преподавании юридических дисциплин

В данной статье проводится научный анализ возможностей эффективного использования цифровых платформ и онлайн-курсов в процессе преподавания юридических дисциплин. В исследовании анализируются преимущества и недостатки цифрового обучения в рамках преподавания юридических дисциплин, а также рассматриваются возможности эффективной интеграции онлайн-курсов в современный образовательный процесс. Помимо этого, анализируются содержание и структура онлайн-курсов, используемых в преподавании юридических дисциплин, а также рассматривается влияние цифровизации образовательного процесса на изучение предметов. Результаты проведенного анализа показали, что цифровые платформы не только повышают доступность образования, но и существенно влияют на развитие цифровых компетенций обучающихся. Онлайн-курсы позволяют обучающимся изучать правовые ситуации в удобном формате, а цифровые технологии обеспечивают индивидуальный подход к обучению, способствуя адаптации к индивидуальным потребностям обучающихся. Таким образом, в ходе исследования были выявлены ряд проблем, в том числе необходимость модернизации методов обучения, повышения цифровой грамотности преподавателей и обучающихся, а также обеспечения эффективных механизмов оценки знаний. В заключение, в исследовании определяется значение смешанной модели обучения, сочетающей традиционные и цифровые методы обучения в формировании гибкой образовательной среды, направленной на улучшение учебных результатов обучающихся. По результатам исследования разрабатываются научно обоснованные рекомендации по эффективному использованию онлайн-курсов в процессе преподавания юридических дисциплин.

Ключевые слова: образование, высшее образование, цифровое образование, юридические дисциплины, образовательные технологии, цифровые платформы, онлайн-курсы, массовые открытые онлайн-курсы (МООК).

Кіріспе

Қазіргі таңда жоғары білім беру жүйесі цифрлық технологиялардың жедел дамуына байланысты терең трансформация кезеңін бастан өткеруде. Осы тұста, Қазақстан Республикасында жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған Тұжырымдамасындағы: «Жоғары білім берудің негізгі трендтері: ...цифрландыру... Жоғары білім беруді цифрландыру ...оқыту сапасын арттыру үшін цифрлық платформаларды, курстарды басқарудың онлайн жүйелерін, ..онлайн және аралас оқыту қолданумен сүйемелденеді. Цифрлық технологиялар қазіргі заманның ажырамас бөлігіне айналды... Жоғары білімдегі гибриді тәсіл (синхронды және асинхронды оқытудың үйлесуі) жоғары білімнің инклюзиясы мен қолжетімділігін қамтамасыз етеді. ...жалпы процесте (Open University, Coursera және т.б.) ашық білім беру платформаларын пайдалану, цифрлық форматқа көшіру...» мақсаттары мен міндеттері оқу үдерісіне заманауи цифрлық платформалар мен онлайн-оқыту курстарын енгізуге себеп болып отыр (<https://adilet.zan.kz/>).

Мұндай өзгерістер оқыту әдістерін жаңғыртып, білім алушылардың оқу тәжірибесін жетілдіруге бағытталған жаңа мүмкіндіктерді ашуда. Бұл трансформация оқу үдерісін жетілдіруге, білім алушылардың қажеттіліктеріне бейімделген оқыту модельдерін енгізуге, сондай-ақ оқытудың икемді формаларын дамытуға бағытталған. Аталған өзгерістер әсіресе құқықтанудағы күрделі әрі тәжірибелік дағдыларды қажет ететін пәндерді оқытуда ерекше мәнге ие болуда. Демек, құқықтық пәндердің мазмұнына тән теориялық тереңдік пен практикалық қолданбалы сипат білім берудің тиімді әдістерін қажет етеді. Осы орайда онлайн-курстар мен цифрлық платформаларды пайдалану оқытудың сапасын арттырып, студенттердің өздігінен білім алуына, құқықтық жағдайларды модельдеуге және интерактивті форматта оқуға жол ашады. Сонымен қатар, цифрлық құралдар арқылы білім беру үдерісін дербестендіру, оқу материалдарын бейімдеу және оқу нәтижелерін бақылау мүмкіндігі кеңейеді. Алайда, цифрлық оқытудың (онлайн-курстардың) әлеуетімен қатар, белгілі бір қиындықтар да туындайды. Атап айтқанда, оқытушылар мен білім алушылардың цифрлық

құзыреттілігі, оқыту әдістемелерін бейімдеу қажеттілігі, сондай-ақ академиялық адалдық пен білімді бағалау мәселелері өзекті болып отыр.

Зерттеудің мақсаты күқықтық пәндерді оқытуда цифрлық платформалар мен онлайн-курстарды тиімді пайдалану жолдары қарастырылады, сонымен қатар цифрлық білім беруде онлайн-курстарды қолдану артықшылықтары мен кемшіліктеріне талдау жасалып, оқыту үдерісін жетілдіруге бағытталған ұсыныстар ұсынылады.

Әдістемелер

Зерттеу сапалы талдау әдісіне негізделген, оның ішінде: **доктриналық шолу** әдістері (заманауи білім беру технологиялары мен педагогика бойынша ғылыми еңбектерді талдау); **салыстырмалы талдау** әдістері (дәстүрлі және цифрлық әдістердің тиімділігін салыстыру); **тәжірибелік әдістер** (онлайн-курстарды күқықтық пәндерге интеграциялау мысалдарын зерттеу, студенттердің онлайн-курстарды қабылдау деңгейін анықтау). Бұл әдістемелер күқықтық білім беруде цифрлық технологияларды тиімді пайдаланудың ғылыми-практикалық негіздерін құрады.

Нәтижелер мен талқылаулар

Қазіргі жоғары білім беру үрдістері күқықтық пәндерді оқытуда цифрлық технологиялар мен онлайн-курстардың маңыздылығы артып келе жатқанын көрсетеді. Жоғары оқу орындарын цифрлық трансформациялау жағдайында білім беру ұйымдары алдында жаппай ашық онлайн-курстар (ЖАОК) «...оқушылар мен мұғалімдер үшін бұрын соңды болмаған мүмкіндіктер беретін трансформациялық курстар ретінде...» (Жакупов, 2023) мен цифрлық платформаларға негізделген инновациялық оқыту әдістемелерін енгізу міндеті түр. Себебі, цифрлық білім беру платформалары мен онлайн-курстардың дамуы оқыту мен білім алуға жаңа мүмкіндіктер ашты.

Атап айтқанда, онлайн-курстар мен цифрлық оқу ортасы білім алушыларға күқықтық жағдайларды қашықтықтан талдап, шешуге мүмкіндік беріп, оқу үдерісінің икемділігі мен жекелендірілген сипатын қамтамасыз етеді. Бұл құбылыс технологиялық прогрестің, білім берудің қолжетімділігі мен тиімділігін арттыруға деген қазіргі заманғы сұраныстың көрінісі болып табылады.

Соңғы жылдары жоғары білім беру жүйесінде цифрлық технологияларды қолдануға қатысты зерттеулер қарқынды дамып келеді. Өйткені, «ЖАОК – бұл адамзат үшін мүлдем жаңа құбылыс» (Варпаховскис, 2021). Ғалымдар мен оқытушы-профессорлар цифрлық платформалар мен онлайн-курстардың оқу үдерісіне ықпалын жан-жақты зерттеп, олардың білім сапасын арттырудағы рөлін атап өтуде. Әсіресе күқық саласында бұл үрдіс өзектілікке ие болып отыр, себебі күқықтық пәндер теориялық біліммен қатар, логикалық ойлау, талдау және нақты күқықтық жағдайларды шешу дағдыларын талап етеді.

Қазақстандық және шетелдік зерттеушілер онлайн-курстарды қолданудың тиімділігін бірнеше аспектіде сипаттайды. Мысалы, «Жоғары білім беру саласын халықаралық үйлесімділік пен бәсекеге қабілеттілікті қамтамасыз ету үшін оқу орындары жаһандану үдерісінде жаңа технологиялар ретінде ЖАОК-ды практикалық құрал ретінде пайдаланады» (Ustun, 2021). Бұл әсіресе пәндерге тән күрделі теориялық материалды меңгеруде және практикалық дағдыларды қалыптастыруда тиімді болып табылады.

Қазақстандық ғалым Абилхасимова А.Е. зерттеуінде: «Сандық білім ресурсы мұғалімді алмастыра алмайды, бірақ мұғалімге қосымша материалдарды ұсынады, яғни сабақ мазмұнын ақпараттық коммуникациялық технологиялардың жаңа мультимедиялық мүмкіндіктерімен толықтыруға, оқушылардың назарын аса маңызды оқу тақырыптарына аударуға, қажет болған жағдайда оқушылардың назарын зерделенген көріністердің ерекшеліктеріне шоғырландыруға, оны көрнекі түрде көрсетуге, сабақтың мазмұнын қоғамда болып жатқан өзгерістермен, өмірлік тәжірибелермен, оқушылардың пәнге деген қызығушылықтарымен және т.б. құбылыстармен байланыстыруын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді» (Абилхасимова, 2020).

Түрік ғалымдары Көмүр, İ.А., & Okur, M.R. зерттеулерінде: «ЖАОК студенттерге жетекші университеттердің жоғары сапалы біліміне қол жеткізуге мүмкіндік беретін дәстүрлі оқытудың балама болады,дәстүрлі оқытуды толықтыру үшін ақпарат бере алады. ЖАОК-тарды оқыту үрдісіне енгізу, ..нәтижесінде оқушылардың оқыту тәжірибесі мен нәтижелерін жақсартыды», – деген қорытындыға келеді (Көмүр & Okur, 2024).

Сонымен қатар, келесі зерттеуде: «білім беру технологиялары саласында пайдалы бұл ЖАОК-дың аралас оқытудың қуатты платформасы

екенін көрсетеді, бірақ оның тиімділігі оқытудың онлайн және бетпе-бет режимі арасындағы сәйкес бөлінуіне негізделген», – деп көрсетеді (Sidek et al., 2020). Демек, онлайн-курстар құқықтық жағдайларды модельдеу, құқық қолдану тәжірибесін қашықтықтан талдау сияқты мүмкіндіктерді кеңейтеді. Цифрлық платформа-лардың интерактивтілігі мен мультимедиялық құралдарды (бейне дәрістер, тестілеу, құқықтық симуляциялар) қолдану арқылы білім алушылардың пәнге деген қызығушылығы артып, оқу мотивациясы жоғарылайды.

Ал, К.Н. Жаппаркулова, О.И. Александрова зерттеулерінде: «Бүгінде әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да жоғары оқу орнының оқыту процесінің құрамдас бөлігі ретінде жаппай ашық онлайн-курстарды (ЖАОК) қолданудың әдістемелік моделі, сатылы желілік білім беру өзара әрекеттестігін жүзеге асыру: қолданбалы білімдер мен дағдыларды цифрлық қабықшаға енгізу, студенттердің оқу материалдарына тікелей қолжеткізуді қамтамасыз ету бойынша жасалуда. Ұсынылған модель электрондық білім беру әдістемесін жүзеге асыруға, ұлттық дәстүрлерді үйлесімді сақтауға және инновациялық педагогикалық технологияларды енгізуге бағытталған (онлайн және офлайн форматтары арасындағы рационалды өзара әрекеттесу, мұнда онлайн оқыту оқыту процесін тек маңызды түрде толықтырып, байытуы мүмкін)», – дейді (Жаппаркулова & Александрова, 2020: 197).

Ал, Ү. Әбдіғаппарова зерттеуінде атап өтеді: «...болашақ мұғалімдердің Жаппай ашық онлайн курстарын құрастыру, қолдану ерекшеліктерін меңгеру барысында цифрлық құзыреттіліктері дамиды» (Әбдіғаппарова, 2020).

Және де, Е. Елубай, Ү.М. Әбдіғаппарова, Д.М. Джусубалиева: «ЖАОК-ның болашақ педагогтар үшін ұсынатын мүмкіндіктері жан-жақты, бұнда тек қана цифрлық құзыреттіліктерді ғана қалыптастыру емес, курстың мазмұнын жасау барысында ақпараттық құзыреттіліктері де дамиды, цифрлы білім кеңістіктерін құруды үйрене отырып, қашықтықтан білім беруді үйренеді» (Елубай және т.б., 2020: 54) деген қорытынды түйеді.

Р. Кудайбергенова мен М. Асылбекова: «Оңтүстік Кореядағы ЖАОК индустриясының дамуын зерттеген, оңтүстік корейлік ЖАОК (К-МООК) тек білім беру қолжетімділігін арттыру ғана емес, сонымен қатар ынтымақтастық пен елдің имиджін көтеру мақсатында қолданылатынын атап өтті» (Kudaibergenova & Asylbekova, 2016).

Келесі авторлар Докучаева Н.В., Иванова С.А., Тлеумбетова Д.Б.: «Жаппай ашық онлайн-курстарды (ЖАОК) пайдалана отырып жүзеге асырылатын білім беру процесі өзін-өзі тәрбиелеу мен өзін-өзі дамытуды ынталандыруға бағытталған. ЖАОК-ты оқу бағдарламаларына біріктіру тәжірибесі оларды пайдалану оқытушыға шынайы интерактивті онлайн ортаны құру арқылы білім алушының ынтасын арттыруға көмектеседі, сонымен қатар студенттердің онлайн оқыту дағдыларын нақты өзара әрекеттесу және дамыту үшін жағдайларды қамтамасыз етеді», – деген қорытынды жасаған (Докучаева және т.б., 2025: 118-119).

Осы жүргізілген әдеби шолулардағы талдаулар жоғары білім беру жүйесін цифрландыру мен онлайн-курстарды оқу үдерісіне енгізу білім беруді жаңғыртудың маңызды құрамдас бөліктерінің бірі екенін дәлелдейді. Онлайн-оқытуды табысты енгізу білім беру ұйымдарының алдын ала дайындығына, цифрлық инфрақұрылымды дамытуға және оқыту үдерісіне заманауи білім беру технологияларын тиімді интеграциялауға негізделген стратегияның сапасына тікелей байланысты, өйткені, пәндерді оқытуда цифрлық технологиялар білімді меңгеру процесінің тиімділігін арттырып, оны студенттердің жеке білім алу қажеттіліктеріне бейімдеуге мүмкіндік береді.

Сонымен, онлайн-курстарды білім беру үдерісіне енгізу оқытудың жекелендірілуіне ықпал етіп, студенттердің цифрлық құзыреттілігін арттырады және оқыту үдерісін интерактивті сипатта ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Бірақ ескеретін жайт, бұл технологияларды жүзеге асырудың табыстылығы білім беру платформаларының қолжетімділігі, цифрлық құралдардың әдістемелік бейімделуі және оқытушылардың цифрлық білім беру саласындағы біліктілігін арттыру мәселелерін шешуді талап етеді.

Дегенмен, келесі ресейлік ғалымдар У.С. Захарова, К.И. Танасенко: «ЖАОК-тың артықшылығы, оқытушылардың көзқарасы бойынша, оқу процесін жақсы ұйымдастыруға, оқытудың қол жетімділігі мен ұтқырлығына, оқытушының кәсіби және жеке мақсаттарын жүзеге асыруға, сондай-ақ ресурстық тиімділікке мүмкіндік беру болып табылады. ЖАОК кемшіліктерін форматтың педагогикалық жетілмегендігімен, білім беру жүйесіне қойылатын ерекше талаптармен, ресурстардың шығындылығымен және оқытушы үшін кәсіби тәуекелдермен байланыстырады» (Захарова & Танасенко, 2019: 176). Яғни, цифрлық сауаттылықтың жеткіліксіздігі, оқы-

тушылардың әдістемелік бейімделуінің әлсіздігі және білімді бағалаудың объективтілігін қамтамасыз етудің қиындығы жиі қозғалады.

Сонымен қатар, шешімін қажет ететін маңызды мәселелер қатарына білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау жүйесін жаңғырту, оқытушылардың цифрлық құзыреттерін дамыту, білім беру бағдарламаларын заманауи цифрлық форматтарға бейімдеу, сондай-ақ цифрлық білім беру ресурстарының кеңінен қолжетімділігін қамтамасыз ету қажеттілігі жатады.

Онлайн-курстардың оқу үдерісіне ықпалын жан-жақты түсіну және бағалау үшін олардың Қазақстан Республикасындағы жоғары оқу орындарында табысты қолданылу тәжірибесін қарастыру маңызды. Қазіргі таңда көптеген отандық университеттер оқытудың цифрлық формаларын белсенді енгізіп, оқу үдерісін жаңғырту бағытында нақты қадамдар жасауда.

Мысалы, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті (Moodle қашықтықтан оқыту жүйесі – кампустық онлайн курстарды (SPOC) синхронды және асинхронды форматта өткізуге мүмкіндік береді, чаттар мен бейне-конференцияларды қолдайды; Open KazNU онлайн білім беру платформасы – университеттің жаппай ашық онлайн курстарына қолжетімділік ұсынады, сыртқы тыңдаушылар да қатыса алады) (<https://farabi.university/students/32>), Еуразия ұлттық университеті және Қазақ гуманитарлық-заң университеті сынды жоғары оқу орындары өздерінің білім беру платформалары арқылы қашықтықтан оқыту курстарын сәтті жүзеге асырып келеді. Бұл платформаларда конституциялық құқы, әкімшілік құқық, азаматтық құқық, қылмыстық құқық, қылмыстық іс жүргізу, криминология және сот сараптамасы сияқты пәндер интерактивті форматта ұсынылады. Бейнематериалдар, виртуалды тренажерлер, тестілеу жүйелері және кейстік тапсырмалар студенттердің пәндік білімді терең меңгеруіне жағдай жасайды.

Және де, еліміздің жоғары оқу орындарында құқықтық пәндерді оқытуда онлайн-курстарды енгізу тәжірибесі кеңінен таралған. Мысалы, Шығыс Қазақстан облысы С. Аманжолов атындағы университеттің «Құқықтану» білім беру бағдарламасының студенттері Біріккен Ұлттар Ұйымының «Түтқындарды ұстаудың ең төменгі стандартты ережелері» (Нельсон Мандела ережелері) бойынша онлайн-курсты сәтті аяқтап, халықаралық сертификаттарға ие болды (<https://vku.edu.kz>). Бұл курс студенттерге түтқындарды

адамгершілікпен ұстау, олардың құқықтары мен қадір-қасиетін қорғау мәселелерін терең түсінуге мүмкіндік берді.

Бұл тәжірибелер құқықтық пәндерді оқытуда онлайн-курстардың тиімділігін анықтауға септігін тигізеді. Мысалы, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті ұсынатын онлайн-курстардың мазмұны негізінен тек базалық құрылыммен шектеледі. Бұл курстарды студенттердің көп жағдайда оқытушылардың талап етуімен, яғни қажеттілік негізінде ғана таңдайтыны байқалады. Соның салдарынан, аталған ЖАОК-тардың жүйелі түрде меңгерілуі емес, формалды түрде игерілуі басым, ал бұл өз кезегінде олардың практикалық маңыздылығының төмендігін көрсетеді.

Аталған ЖОО-дағы тәжірибе көрсеткендей, онлайн-оқытуды сәтті енгізу үшін тек техникалық инфрақұрылымды қамтамасыз ету жеткіліксіз. Сонымен қатар, оқытушылардың цифрлық құзыреттілігі, оқу материалдарының әдістемелік бейімделуі және студенттердің цифрлық ортадағы өзіндік оқу дағдылары да аса маңызды рөл атқарады. Бұл факторлар бір-бірімен тығыз байланысты және онлайн-курстардың тиімділігіне тікелей әсер етеді.

Осы тәжірибелердің талдауы құқықтық пәндерді цифрлық форматта оқытудың нақты тетіктерін, артықшылықтары мен шектеулерін анықтауға, сондай-ақ оқу үдерісін одан әрі жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірлеуге мүмкіндік береді. Осыған байланысты аралас оқыту моделі дәстүрлі және цифрлық оқыту әдістерін ұштастыру тиімді стратегия ретінде ұсынылады.

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, оқытудың ең тиімді үлгісі – дәстүрлі әдістер мен цифрлық білім беру элементтерін ұштастыра қолдану болып табылады. Мұндай тәсіл оқу үдерісінде әрбір әдістің артықшылықтарын тиімді пайдалануға мүмкіндік бере отырып, студенттердің сапалы кәсіби даярлығын қамтамасыз етеді. Құқықтық пәндерді оқыту барысында цифрлық технологияларды табысты енгізу үшін жоғары оқу орнының цифрлық инфрақұрылымын жетілдіру, оқытушыларды заманауи оқыту әдістеріне баулу, сондай-ақ қолданылатын цифрлық құралдардың тиімділігіне жүйелі түрде мониторинг жүргізу маңызды алғышарттар болып табылады.

Тұжырымдай келе, цифрлық платформалар мен онлайн-курстарды құқықтық пәндерді оқытуға енгізу қазіргі заманғы білім беру жүйесінің инновациялық даму бағыты болып табылады. Бұл тәсіл оқытудың сапасын арттыруға, білім

алушылардың цифрлық құзыреттілігін дамытуға және оқу үдерісін дараландыруға ықпал етеді.

Онлайн-курстарды құқықтық пәндерді оқытуға енгізу бірқатар педагогикалық және ұйымдастырушылық артықшылықтарға ие. Атап айтқанда, олар оқу үдерісін жекелендіруге жағдай жасап, әр студенттің жеке білім алу траекториясын қалыптастыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, цифрлық ресурстарды пайдалану студенттердің цифрлық сауаттылығын арттырып, олардың қазіргі заманғы ақпараттық ортада еркін әрекет ету дағдыларын дамытады. Онлайн-курстарда мультимедиялық мазмұн мен интерактивті тапсырмалардың болуы оқу материалына қызығушылықты арттырып, оқу тиімділігін едәуір көтереді.

Дегенмен, бұл технологиялардың оқу процесіне табысты интеграциясы бірқатар маңызды шарттардың орындалуын талап етеді. Ең алдымен, білім беру платформаларының техникалық және бағдарламалық қолжетімділігі қамтамасыз етілуі тиіс. Сонымен қатар, цифрлық құралдарды пәндік ерекшеліктерге сай әдістемелік тұрғыдан бейімдеу қажет. Бұл әсіресе құқықтық білім беру саласында маңызды, себебі теориялық біліммен қатар практикалық дағдыларды да тиімді жеткізу талап етіледі.

Сондай-ақ, оқытушылардың цифрлық педагогика саласындағы біліктілігін арттыру – табысты интеграцияның негізгі алғышарттарының бірі. Оқыту әдістерін жаңғырту және цифрлық технологияларды тиімді қолдану үшін тұрақты кәсіби даму, курстар мен семинарлар жүйелі түрде ұйымдастырылуы қажет. Бұл білім беру сапасын арттырып қана қоймай, оқытудың инновациялық формаларын тиімді енгізуге жол ашады.

Қорытынды және ұсыныстар

Қорыта айтқанда, цифрлық технологиялардың қарқынды дамуы және олардың білім беру жүйесіне интеграциялануы онлайн-курстарды оқыту үдерісінің ажырамас құрамдас бөлігіне айналдырды. Бұл курстар дәстүрлі оқыту әдістерін толықтырып, білім беру мүмкіндіктерін кеңейтуге, білім алушыларға жеке оқу траекториясын таңдауға және оқу үдерісін өзіне ыңғайлы форматта жүзеге асыруға жол ашады. Зерттеу нәтижелері цифрлық оқыту құралдарының білім беру үдерісінің қолжетімділігін арттырып, білім алушылардың цифрлық құзыреттіліктерін дамытуда маңызды рөл атқаратынын көрсетті.

Сонымен қатар, онлайн-курстар құқықтық жағдайларды қашықтан талдау, нақты және практикалық дағдыларды меңгеру секілді аспектілерде айтарлықтай тиімділікке ие екені байқалды.

Алайда, цифрлық оқыту үдерісін және онлайн-курстарды енгізуді жетілдіру үшін бірқатар мәселелерді шешу қажет:

- оқытушылар мен білім алушылардың цифрлық сауаттылығын арттыру,

- оқыту әдістемелерін жаңғырту және білімді объективті бағалаудың сенімді тетіктерін енгізу.

Осыған байланысты, дәстүрлі және цифрлық әдістерді ұштастыратын аралас оқыту моделі құқықтық пәндерді оқытуда ең тиімді стратегиялардың бірі ретінде ұсынылады. Жалпы алғанда, құқықтық пәндерді оқытуда онлайн-курстар мен цифрлық білім беру платформаларын пайдалану білім беру мазмұнын жаңғыртып қана қоймай, оқыту әдістерінің тиімділігін арттыруға, оқыту ортасын жекелендіруге және икемді оқыту форматын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Яғни, құқықтық пәндерді оқытуда онлайн-курстарды енгізу білім беру процесін цифрландыру бағытындағы маңызды қадам болып табылады.

Сонымен құқықтық пәндерді оқытуда онлайн-курстарды енгізу бұл бағыттағы білім беру үдерісін жетілдіруге мүмкіндік беріп, студенттер мен оқытушылар үшін жаңа академиялық және кәсіби перспективалар ашады. Алайда мұндай жаңашылдықтың тиімді жүзеге асырылуы тек курстардың формалды түрде енгізілуімен шектелмеуі тиіс. Ол техникалық, әдістемелік және ұйымдастырушылық қолдауды қамтитын, сондай-ақ цифрлық технологиялардың білім беру процесіндегі әлеуетін барынша тиімді пайдалануға бағытталған кешенді тәсілге негізделуі қажет.

Демек, онлайн-курстар заманауи технологияларды қолдану арқылы оқу материалдарының қолжетімділігін арттырып қана қоймай, білім алушылар мен оқытушылар үшін жаңа мүмкіндіктер мен ресурстарды тиімді пайдалануға, атап айтқанда, онлайн-платформалар студенттердің оқу үрдісін жекелендіруге, өз бетінше білім алу дағдыларын дамытуға, ал оқытушылардың оқыту формаларын әртараптандыруға жол ашуы тиіс. Сонымен қатар, онлайн-оқытудың әлеуеті тек қана қолжетімділікпен шектелмейді, ол білім сапасын арттырудың қуатты құралы бола алады. Дегенмен, бұл әлеуеттің толық іске асырылуы үшін онлайн-курстарды енгізу процесі кешенді, жүйелі және ғылыми негізделген тәсілге сүйенуі тиіс.

Атап айтқанда, енгізудің тиімділігі келесі маңызды аспектілермен тығыз байланысты:

1. Техникалық қамтамасыз ету – жоғары білім беру ұйымдарының заманауи цифрлық инфрақұрылыммен жабдықталуы, соның ішінде жоғары жылдамдықтағы интернет, бейне-конференция платформалары, оқытуды басқару жүйелерінің болуы;

2. Әдістемелік қолдау – оқыту мазмұнын онлайн форматқа бейімдеу, интерактивті тапсырмалар мен бағалау құралдарын енгізу, цифрлық педагогика қағидаттарын ескеру;

3. Ұйымдастырушылық тетіктер – оқытушылар мен әкімшілік қызметкерлердің біліктілігін арттыру, оқыту процесін басқарудың тиімді жүйесін құру, студенттердің цифрлық сауаттылығын дамыту.

Осы компоненттердің үйлесімді түрде қамтамасыз етілуі онлайн-оқытудың сапасы мен тиімділігін арттырып, құқықтық пәндерді оқытудың мазмұндық және ұйымдастырушылық құрылымын жаңа деңгейге көтеруге ықпал етеді. Нәтижесінде, болашақ заңгерлердің кәсіби құзыреттерін қалыптастыруда цифрлық білім беру құралдарының рөлі айтарлықтай арта түседі.

Ойды түйіндесек, Жаппай ашық онлайн-курстар (ЖАОК) өз атауына сай нақты түрде жаппай қолжетімді әрі мазмұндық жағынан ашық болуы тиіс. Бұл курстардың сандық өсімі біртіндеп сапалық көрсеткішке айналуы үшін олардың мазмұны жоғары ғылыми-әдістемелік деңгейде құрылуы қажет. Осы тұрғыдан алғанда, Қазақстанның жоғары оқу орындары ұсынатын ЖАОК-тардың мазмұны жетекші отандық мамандардың дәрістері негізінде дайындалса, олар кәсіби білімнің құнды көзіне айналады. Мұндай курстардың кеңінен таралуы мен қолжетімділігі білім алушылар мен мамандар тарапынан отандық білім беру платформаларына деген қызығушылықты арттырады. Нәтижесінде, бұл тек жеке білім мен кәсіби құзыреттердің артуына ғана емес, сонымен қатар елдегі ғылым мен жоғары білім беру сапасының жалпы деңгейінің өсуіне оң ықпал етуі мүмкін.

Алғыс

Бұл зерттеу Абай атындағы ҚазҰПУ есебінен 2025 жылғы 3 сәуірдегі № 05-04/250 бұйрыққа сәйкес қаржыландырылды.

Әдебиеттер

«Қазақстан Республикасында жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған Тұжырымдамасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 248 қаулысы [Электрондық ресурс]: URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2300000248> (Қарау күні: 10.02.2025)

Жакупов, Н.Р., Сейтханова, А.К., Дахин, А.Н. (2023) Ұлыбританиядағы білім беру мекемелерінің мысалында орта мектеп оқушылары үшін ағылшын тіліндегі физика бойынша интерактивті онлайн курстарын құрастыру. DOI: <https://doi.org/10.48371/PEDS.2024.72.1.040> [Электрондық ресурс]: URL: <https://bulletin-pedagogical.ablaikhan.kz/index.php/j1/article/view/924/492> (Қарау күні: 10.02.2025)

Варпаховскис, Э. (2021) Массовые открытые онлайн-курсы (MOOC) как инструменты мягкой силы и публичной дипломатии // ҚазҰУ Хабаршысы. Халықаралық қатынастар және халықаралық құқық сериясы. – №4 (96). – С. 25-34.

Ustun, A.B. (2021). The power of using emerging technologies in MOOCs: Accelerating globalization in higher education. *Journal of Learning and Teaching in Digital Age*, 6(2), 141-148.

Абилхасимова, А.Е. (2020). Цифрлық білім беру ресурстарын білім беру үдерісінде қолдану // Молодой ученый, № 14 (304). – С. 292-295.

Kömür, İ.A., & Okur, M.R. (2024). Preferences and Views of School Students on the Integration of MOOCs in Performance Tasks of EFL Courses. *Journal of Learning for Development*, 11(2), 369-381.

Sidek, S.F., Yatim, M.H. M., Ariffin, S.A., & Nurzid, A. (2020). The acceptance factors and effectiveness of mooc in the blended learning of computer architecture and organization course. *Universal Journal of Educational Research*, 8(3), 909-915.

Жаппаркулова К.Н., Александрова О.И. (2020). MOOC как часть образовательной среды в процессе подготовки будущих учителей русского языка и литературы // ҚазҰУ Хабаршысы. Филология сериясы. – 2020. – №2 (178). – Б. 194-200.

Әбдіғалбарова Ү.М. (2020). Қашықтықтан оқыту бүгінде – өзектілік. Білімді ел/Образованная страна. – 2020. – мамыр.

Елубай Е., Әбдіғалбарова Ү.М., Джусубалиева Д.М. (2020). Жаппай ашық онлайн курстары (MOOCs) – болашақ педагогтардың цифрлық құзыреттілігін дамыту құралы // ҚазҰУ Хабаршысы. Педагогикалық ғылымдар сериясы. – 2020. – 64(3). – Б. 50–58. <https://doi.org/10.26577/JES.2020.v64.i3.05>

Kudaibergenova R., & Asylbekova M. (2016). MOOC as a new development stage in Open Education of South Korea. // *KazNU Bulletin. Oriental series*. – 2016. – 2(77). – p. 68-73.

Дочуаева Н.В., Иванова С.А., Тлеумбетова Д.Б. (2025). Үздіксіз білім беру контексіндегі жаппай ашық онлайн курстар мәселесі // «Педагогика» сериясы. – 2025. – 30. – 1(117). – Б. 116-123. [Электрондық ресурс]: URL: file:///C:/Users/User/Downloads/zdiksiz_bilim_beru_konteksindegi_zappaj_asyk_onlaj.pdf (Қарау күні: 10.02.2025)

Захарова, У.С., Танасенко, К.И. (2019). MOOK в высшем образовании: достоинства и недостатки для преподавателей // Вопросы образования. - 2019. – № 3. – С. 176–202.

Университетте қандай цифрлық платформалар қолданылады? [Электрондық ресурс]: URL: <https://farabi.university/students/32> (Қарау күні: 10.02.2025)

50 студент БҰҰ-ның тұтқындарға адамгершілікпен қарауды насихаттайтын халықаралық сертификатын алды [Электрондық ресурс]: URL: <https://vku.edu.kz> (Қарау күні: 10.02.2025)

References

Abilhasymova, A. E. (2020). Tsifrlyq bilim berý resúrstarýn bilim berý úderisinde qoldaný [The use of digital educational resources in the educational process]. *Molodoi Uchenyi [Young Scientist]*, 14(304), 292–295.

Ábdigapbarova, U. M. (2020). Qashyqytqan oqytý búginde – ózektilik [Distance learning today as a pressing issue]. *Bilimdi El / Obrazovannaiia Strana [Educated Country]*, 2020, мамыр.

Dokýchaeva, N. V., Ivanova, S. A., & Tleymbetova, D. B. (2025). Úzdiksiz bilim berý konteksindegi jappai ashyq onlain kúrstar máselesi [The issue of massive open online courses in the context of lifelong learning]. *Pedagogika seriiasy [Pedagogy Series]*, 30(1, 117), 116–123. [Elektronдық resýrs]: file:///C:/Users/User/Downloads/zdiksiz_bilim_beru_konteksindegi_zappaj_asyk_onlaj.pdf (Қарау күні: 10.02.2024).

Jaqypov, N. R., Seithanova, A. K., & Dahin, A. N. (2023). Ulybritaniadaǵy bilim berý mekemeleriniń mysalynda orta mektep oqýshylary úshin aǵylshyn tilindegi fizika boıynsha interaktivti onlain kúrstaryn qúrastyru [Designing interactive online physics courses in English for secondary school students on the example of educational institutions in Great Britain]. *Pedagogical Sciences Bulletin*, 72(1), 40–? DOI: <https://doi.org/10.48371/PEDS.2024.72.1.040>. [Elektronдық resýrs]: <https://bulletin-pedagogical.ablaikhan.kz/index.php/j1/article/view/924/492> (Қарау күні: 10.02.2025).

Japparkýlova, K. N., & Aleksandrova, O. I. (2020). MOOC kak chast obrazovatelnoi sredy v protsesse podgotovki budushchikh uchitelei russkogo iazyka i literatury [MOOCs as part of the educational environment in training future teachers of Russian language and literature].

Kömür, Í. A., & Okur, M. R. (2024). Preferences and views of school students on the integration of MOOCs in performance tasks of EFL courses. *Journal of Learning for Development*, 11(2), 369–381.

Kudaibergenova, R., & Asylbekova, M. (2016). MOOC as a new development stage in open education of South Korea. *KazNU Bulletin. Oriental Series*, 2(77), 68–73.

QazUı Habarshysy. Filologiya seriiasy [KazNU Bulletin. Philology Series], 2(178), 194–200.

Elybai, E., Ábdigapbarova, U. M., & Djýsýbaleva, D. M. (2020). Jappai ashyq onlain kúrstary (MOOCs) – bolashaq pedagogtardyń tsifrlyq quzyrettiligin damytý quraly [Massive open online courses (MOOCs) as a tool for developing future teachers' digital competence]. *QazUı Habarshysy. Pedagogikalıq ǵylymdar seriiasy [KazNU Bulletin. Pedagogical Sciences Series]*, 64(3), 50–58. <https://doi.org/10.26577/JES.2020.v64.i3.05>

education. *Journal of Learning and Teaching in Digital Age*, 6(2), 141–148.

Üniversitette qandaı tsifrlyq platformalar qoldanylady? [Which digital platforms are used at the university?] (n.d.). [Elektronдық resýrs]. URL: <https://farabi.university/students/32>

Sidek, S. F., Yatim, M. H. M., Ariffin, S. A., & Nurzid, A. (2020). The acceptance factors and effectiveness of MOOC in the blended learning of computer architecture and organization course. *Universal Journal of Educational Research*, 8(3), 909–915.

50 stýdent BUU-nyń tutqyndarǵa adamgershilikpen qaraýdy nasihatı tyn halyqaralyq sertifikatyn aldy [50 students received an international certificate promoting humane treatment of prisoners by the UN]. (n.d.). [Elektronдық resýrs]. URL: <https://vku.edu.kz>

Qazaqstan Respublikasy Úkimeti. (2023, naýрыз 28). Qazaqstan Respýblikasynda joǵary bilimdi jáne ǵylymdy damytýdyń 2023–2029 jylǵarǵa arnalǵan Tujyrymdamasyn bekıtý týraly № 248 qaýly [Elektronдық resýrs]. *Adilet zan bazasy*. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2300000248> (Қарау күні: 10.02.2025).

Varpahovskis, E. (2021). Massovyte otkrytye onlain-kursy (MOOC) kak instrumenty miagkoi sily i publichnoi diplomatii [Massive open online courses (MOOCs) as instruments of soft power and public diplomacy]. *QazUı Habarshysy. Halyqaralyq qatynastar jáne halyqaralyq quyuq seriiasy [KazNU Bulletin. International Relations and International Law Series]*, 4(96), 25–34.

Ustun, A. B. (2021). The power of using emerging technologies in MOOCs: Accelerating globalization in higher

Zaharova, Ý. S., & Tanasenko, K. I. (2019). MOOC v vysshem obrazovanii: dostoinstva i nedostatki dlia prepodavatelei [MOOCs in higher education: Advantages and disadvantages for teachers]. *Voprosy Obrazovaniia [Educational Studies]*, 2019(3), 176–202.

Авторлар туралы мәлімет:

Белхожаева Динара Жомартқызы – философия докторы (PhD), Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті құқықтану кафедрасының аға оқытушысы (Алматы, Қазақстан, e-mail: dinar_15@list.ru)

Жомартқызы Арайлым – заң ғылымдарының магистрі, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті құқықтану кафедрасының аға оқытушысы (Алматы, Қазақстан, e-mail: zhomartkuzya8@gmail.com)

Даубасов Сабит Шынжерханұлы (корреспондент авторы) – заң ғылымдарының кандидаты, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті қылмыстық құқық, қылмыстық іс жүргізу және криминалистика кафедрасының аға оқытушысы (Алматы, Қазақстан, e-mail: sabit_75@mail.ru)

Бижанова Айгуль Рабхановна – заң ғылымдарының докторы, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті профессор (Алматы, Қазақстан, e-mail: Aike_74@mail.ru)

Information about the authors:

Dinara Belkhozhayeva – Doctor of Philosophy (PhD), Senior lecturer of the Department of Law at Abai Kazakh National Pedagogical University (Almaty, Kazakhstan e-mail: dinar_15@list.ru)

Zhomartkyzy Arailym – Master of Law, Senior lecturer of the Department of Law at Abai Kazakh National Pedagogical University (Almaty, Kazakhstan e-mail: zhomartkyza8@gmail.com)

Sabit Daubassov (corresponding author) – Candidate of Juridical Sciences, Senior lecturer of the Department of criminal law, criminal procedure and criminalistics al-Farabi Kazakh National University (Almaty, Kazakhstan e-mail: sabit_75@mail.ru)

Bizhanova Aigul Rabchanovna – doctor of legal sciences, professor of the Kazakh National Pedagogical University named after Abaya (Almaty, Kazakhstan, e-mail: Aike_74@mail.ru)

Информация об авторах:

Белхожаева Динара Жомартовна – доктор философии (PhD), старший преподаватель кафедры юриспруденции Казахского национального педагогического университета имени Абая (Алматы, Казахстан, e-mail: dinar_15@list.ru)

Жомартқызы Арайлым – магистр юридических наук, старший преподаватель кафедры юриспруденции Казахского национального педагогического университета имени Абая (Алматы, Казахстан, e-mail: zhomartkyza8@gmail.com)

Даубасов Сабит Шынжэрханович (автор-корреспондент) – кандидат юридических наук, старший преподаватель кафедры уголовного права, уголовного процесса и криминалистики Казахского национального университета им. аль-Фараби (Алматы, Казахстан, e-mail: sabit_75@mail.ru)

Бижанова Айгуль Рабхановна – доктор юридических наук, профессор Казахского национального педагогического университета имени Абая (Алматы, Казахстан, e-mail: Aike_74@mail.ru)

*Тіркелген: 9 мамыр 2025 жыл.
Қабылданды: 20 қыркүйек 2025 жыл.*